



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA
STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2021 жылғы 5 тамыз

KAZ MINERALS ТОБЫ 2021 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

Негізгі көрсеткіштер

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында KAZ Minerals Тобы 150,3 мың тонна мыс өндірді, бұл 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына (153,8 мың тонна) қарағанда 2%-ға аз. Бозшакөлде өндірістің азаюы Ақтоғайдағы, Шығыс өңірінің кәсіпорындарындағы және Бозымшақтағы өндірістің ұлғаюымен өтелді.

2021 жылдың екінші тоқсанында Бозшакөлде, Шығыс өңірде және Бозымшақта кен өңдеу көлемінің артуының және Ақтоғайда катодты мыс өндірісінің ұлғаюының арқасында 77,9 мың тонна мыс өндірілді. Бұл алдыңғы кезеңнен 8% артық (2021 жылдың 1-тоқсаны: 72,4 мың тонна).

Бірінші жартыжылдықта Бозшакөл мен Шығыс өңірінің кендерінде метал мөлшерінің болжанған төмендеуінің салдарынан алтынның өндірісі 24%-ға, яғни, 82,9 мың унцияға (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 109,7 мың унция) дейін азайды.

Ақтоғай

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Ақтоғайда кен өндіру 35%-ға артып, 26,6 млн тоннаны құрады (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 19,7 млн тонна). Себебі, үймелі сілтісіздендіру панельдерінің екінші учаскесін жүктеу үшін қосымша оксидті кен қажет болды.

Бірінші жартыжылдықта сульфидті кенді қайта өңдеу көлемі 13,1 млн тоннаға жетті, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 6%-ға жоғары (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 12,3 млн тонна).

Сульфидті кеннен мыс өндіру 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында өңдеу көлемінің және бөліп алу коэффициентінің артуы есебінен 6%-ға, яғни, 59,2 мың тоннаға дейін (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 56,1 мың тонна) ұлғайды.

Оксидті кеннен катодты мыс өндіру көлемі 10,7 мың тоннаны құрады, бұл қысқы кезеңдегі айтарлықтай төмен температураның және жыл басындағы техникалық қызмет көрсетуге байланысты кідірістердің салдарынан 2020 жылғы бірінші жартыжылдыққа қарағанда (11,5 мың тонна) 7% төмен.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында мыс өндірісінің жалпы көлемі - 69,9 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 3%-ға жоғары (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 67,6 мың тонна). Сульфидті кеннен мыс өндірудің жоғары көлемі оксидті кеннен катодты мыс өндірудің қысқаруын артығымен өтеді.

Бозшакөл

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Бозшакөлде кен өндіру каолин балшығы бар кендерді өндірудің көлемін ұлғайтудың арқасында 15% артып, 16,4 млн тоннаға дейін (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 14,3 млн тонна) жетті.

Бірінші жартыжылдықта мыс өндіру кендегі металдың орта үлесінің неғұрлым төмен болуына және осыған байланысты бөліп алу коэффициентінің төмендеуіне байланысты 11%-ға азайып, 53,9 мың тоннаны (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 60,4 мың тонна) құрады.

2021 жылдың алғашқы алты айында Бозшакөлде 54,7 мың унция алтын өндірілді – өткен жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 34%-ға аз. Бұл металдың орта үлесінің болжанған төмендеуіне және бөліп алу коэффициентінің 54,8% көрсеткішіне дейін төмендеуіне байланысты (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 61,9%).

Бірінші жартыжылдықта кендегі металл құрамының күтілген төмендеуіне байланысты күміс өндірісінің көлемі 18%-ға азайып, 379 мың унция (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 465 мың унция) болды.

Шығыс өңір мен Бозымшақ

Есепті кезеңде Шығыс өңірдің кәсіпорындарында және Бозымшақ кенішінде кен өндіру көлемі – 1,91 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен (Шығыс өңірде де, Бозымшақта да кен қоры жинақталған кезең) салыстырғанда (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 2,07 млн тонна) 7% төмен.

Бірінші жартыжылдықта 1,85 млн тонна кен өңделді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға артық (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 1,79 млн тонна). Бұған Бозымшақ байыту фабрикасының өткізу қабілетінің артуы себеп.

Жылдың бірінші жартысында Шығыс өңірінің кендеріндегі металдың неғұрлым жоғары орташа үлесінің және Бозымшақтағы айтарлықтай жоғары өткізу қабілетінің арқасында мыс өндірісі 3% артып, 26,5 мың тоннаға дейін (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 25,8 мың тонна) өсті.

Бозымшақтағы өнімділіктің артуына байланысты алтын өндірісі 28,2 мың унцияға (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 25,8 мың унция) жетті. Өткізу қабілеттінің және кендегі металдың орташа үлесінің жоғарылауы Шығыс өңірдегі алтын өндірісінің төмендеуін өтеді.

Шығыс өңірінің кендерінде метал үлесінің аз болуы салдарынан күміс өндірісі 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 998 мың унцияға дейін төмендеді (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 1,03 млн унция).

Орташа үлес және Николаев байыту фабрикасында бөліп алу коэффициенті төмендегеннен кейін концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі 21,8 мың тонна мөлшерінде болды. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8%-ға төмен (2020 жылдың 1-жартыжылдығы: 23,8 мың тонна).

Топтың сатылымдары

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында KAZ Minerals 137 мың тонна мыс сатты, бұл өндіріс деңгейінен 9%-ға аз. Өйткені COVID-19-ға қарсы күшейтілген шараларға байланысты Қазақстан-Қытай шекарасының өткізу қабілетін шектеу дайын өнім қорларының жиналуына әкелді. Қытайға ай сайынғы жеткізілімдерге шектеулер жылдың екінші жартысында да жалғасуда.

Темір жолдардағы шектеулерге байланысты бірінші жартыжылдықта алтын (62,5 мың унция, өндіріс деңгейінен 25% аз) мен күмісті (1,41 млн унция, өндіріс деңгейінен 15% аз) сату да төмендеді.

Концентраттағы мырышты сату көлемі өндіріс деңгейінде қалды, өйткені шикізаттың басым бөлігі Қазақстанның ішінде сатылды.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: "KAZ Minerals 2021 жылдың бірінші жартысында жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетті. Кен өңдеу көлемі біздің барлық кәсіпорындарымызда өсті. Бұл Ақтоғайда, Шығыс өңірде және Бозымшақта мыс өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бозшакөлдегі мыс өндірісі металдың орташа үлесінің жоспарлы төмендеуіне байланысты азайды. Сонымен қатар, Топ жылдың алғашқы алты айында шикізат тауарларының, атап айтқанда, мыс бағасының өсуінен пайда көрді".

		2021 6 ай	2020 6 ай	2021 2 тоқ.	2021 1 тоқ.	2020 2 тоқ.
Мыс өндіру¹	мың тонна	150,3	153,8	77,9	72,4	78,9
Ақтоғай	мың тонна	69,9	67,6	36,0	33,9	34,3
Бозшакөл	мың тонна	53,9	60,4	27,6	26,3	30,6
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	26,5	25,8	14,3	12,2	14,0
Алтын өндіру ²	мың унция	82,9	109,7	43,0	39,9	54,3
Күміс өндіру ²	мың унция	1 664	1 741	901	763	948
Концентраттағы мырыш	мың тонна	21,8	23,8	12,2	9,6	14,8

¹ Ақысы төленетін концентраттағы металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Ақысы төленетін концентраттағы металл

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals

Мақсұт Жапабаев

Корпоративтік байланыстар
департаментінің басшысы, Алматы

Tel: +7 727 244 03 53

Алмас Садықов

Корпоративтік байланыстар
департаментінің менеджері, Алматы

Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Top) – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін ШҚО орналасқан Ақтоғай және Павлодар облысындағы Бозшакөл ашық кеніштерде, сонымен қатар, Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен кен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді.

2020 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 306 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 196 мың унция алтын мен 3,374 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Top Ресей Федерациясы Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Ақтоғай мен Бозшакөл – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыратын Ақтоғайды кеңейту жобасы 2021 жылдың соңында жұмысын бастайды.

Ресейдегі Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орнының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, кендегі мөлшері 0,39% болатын 9,9 млн тонна мыс және кендегі мөлшері 0,21 г/т болатын 16,6 млн унция алтынды құрайды.

KAZ Minerals-та Қазақстанда, Ресейде және Қырғызстанда шамамен 16 000 адам жұмыс істейді.